

**Ауылдық жерде жұмыс істейтін және азаматтық қызметшілер болып табылатын денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария салаларындағы мамандары лауазымдарының тізбесін айқындау туралы**

*Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 19 мамырдағы № 127 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 4 маусымда N 3266 болып тіркелді. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 1 ақпандағы N 22 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы әкімдігінің 01.02.2016 N 22 қаулысымен (қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексі 238-бабының 3-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ауылдық жерде жұмыс істейтін және азаматтық қызметшілер болып табылатын денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария салаларындағы мамандары лауазымдарының тізбесі қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі  
"КЕЛІСІЛДІ"  
Ақжар аудандық  
мәслихаттың хатшысы  
2015 жылы 19 мамыр*

*С.Тұралинов*

*М. Жұмабаев*

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар  
ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 19  
мамырдағы № 127 қаулысына қосымша

**Ауылдық жерде жұмыс істейтін азаматтық қызметшілер болып табылатын денсаулық сақтау саласында, әлеуметтік қамсыздандыру, білім**

## **беру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандары лауазымдарының тізбесі**

1. Денсаулық сақтау мамандарының лауазымдары:
  - 1) мемлекеттік мекемелердің және қазыналық кәсіпорындардың басшылары;
  - 2) мемлекеттік мекемелердің және қазыналық кәсіпорындарды басшыларының (оның ішінде бірінші) орынбасары;
  - 3) бөлімше, зертхана басшысы;
  - 4) барлық мамандықтардың дәрігерлері;
  - 5) акушер;
  - 6) диеталық медбике;
  - 7) тіс дәрігері;
  - 8) тіс технигі;
  - 9) барлық мамандықтардың медбикесі;
  - 10) медициналық статисші;
  - 11) медициналық зертханашы;
  - 12) провизор;
  - 13) психолог;
  - 14) әлеуметтік жұмыс бойынша маман;
  - 15) рентгентлаборанты;
  - 16) мамандандырылған медбике;
  - 17) медбикенің көмекшісі;
  - 18) фармацевт;
  - 19) фельдшер ( зертханашы);
  - 20) дәріхана меңгерушісі;
  - 21) мемлекеттік санитарлық- эпидемиологиялық сараптама орталығының бас дәрігері;
  - 22) дәрігер-бактериолог;
  - 23) дәрігер-паразитолог;
  - 24) лаборант-бактериолог;
  - 25) лаборант- паразитолог;
  - 26) дезинфектор.
2. Әлеуметтік қамтамасыз ету мамандарының лауазымдары:
  - 1) медбике;
  - 2) мұғалім;
  - 3) тәрбиеші;
  - 4) психолог;
  - 5) емдік дене шыңқтыру бойынша нұсқаушы;
  - 6) еңбек бойынша нұсқаушы;

7) әлеуметтік жұмыс бойынша маман;

8) мәдени ұйымдастырушы.

3. Білім беру мамандарының лауазымдары:

1) мемлекеттік мекеме мен қазыналық кәсіпорынның басшысы және басшының орынбасары (оның ішінде бірінші);

2) мұғалім;

3) әлеуметтік педагог;

4) педагог - психолог;

5) қосымша білім беру педагогы;

6) оқытушы;

7) тәрбиеші;

8) музыкалық жетекші;

9) нұсқаушы;

10) мәдени ұйымдастырушы;

11) әдістемелік кабинеттің басшысы;

12) әдістемеші,

13) шебер;

14) аккомпаниатор;

15) концертмейстер;

16) үйірме жетекшісі;

17) медициналық бике;

18) кітапханашы;

19) библиограф;

20) жетекші;

21) зертханашы;

22) кітапхананың, интернаттың, психологтік – педагогикалық түзету кабинетінің меңгерушісі;

23) дәрігер;

24) сурдопедагог,

25) тифлопедагог;

26) көркемдік жетекші;

27) балетмейстер,

28) хормейстер;

29) хореограф;

30) жаттықтырушы;

31) барлық атаудағы суретшілер;

32) оқу бөлімінің хатшысы;

4. Мәдениет мамандарының лауазымдары:

1) ұйымның директоры, басшысы, бастығы;

- 2) бөлімшенің жетекшісі;
- 3) директордың, басшының, бастықтың орынбасары;
- 4) сектордың, бөлімнің, қор қоймысының меңгерушісі;
- 5) сектор басшысы;
- 6) суретші-ресімдеуші, суретші-реставратор, қоюшы суретші;
- 7) бейнеоператоры;
- 8) аға ғылыми қызметкері, кіші ғылыми қызметкері, жетекші ғылыми қызметкері, ғылыми қызметкер;

9) мұражайдағы бас күзетшісі, қор күзетшісі;

10) экскурсовод;

11) қараушы, мұражай қараушысы;

12) сақтау жөніндегі маман;

13) әдістемеші, аға әдістемеші, жетекші әдістемеші;

14) мұрағатшы;

15) хореограф;

16) көркемдік жетекші;

17) үйірме жетекшісі;

18) мәдени ұйымдастырушы.

5. Спорт мамандарының лауазымдары:

1) басшы, директор;

2) директордың, басшының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары;

3) нұсқаушы, нұсқаушы-әдістемеші;

4) медициналық бике;

5) әдістемеші;

6) психолог;

7) аға жаттықтырушы, жаттықтырушы;

6. Ветеринария саласында мамандарының лауазымдары:

1) ветеринариялық станция басшысы;

2) ветеринариялық станция басшысының орынбасары;

3) ветеринарлық дәрігер;

4) жануарларды ветеринарлық өңдеу бойынша оператор;

5) жануарларды және құстарды жасанды ұрықтандыру бойынша оператор;

6) ветеринарлық санитар;

7) зертханашы;

8) ветеринарлық фельдшер;

9) ветеринарлық технигі;

10) жануарларды жасанды ұрықтандыру бойынша технигі.

